

2 CLINICAL AND SPECIAL PSYCHOLOGY КЛИНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ АРНАЙЫ ПСИХОЛОГИЯ КЛИНИЧЕСКАЯ И СПЕЦИАЛЬНАЯ ПСИХОЛОГИЯ

FTAMP 14.29.37
ӨОЖ 1174
JEL 121, 124, 112

<https://doi.org/10.46914/2959-3999-2026-1-3-36-45>

ӨМІРБЕК С.Ж.,^{*1}

п.ф.к., қауымдастырылған профессор.

*e-mail: saltanatomirbek5@gmail.com

ORCID ID: 0000-0001-7764-0717

АБИЕВА Ж.С.,²

педагог-шебер.

e-mail: 760-1972@gmail.com

ORCID ID: 0009-0000-7176-0654

ТҰРЫСБЕК К.Н.,¹

маман.

e-mail: gulaiymturyzbek@gmail.com

ORCID ID: 0009-0006-6169-6349

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық
университеті,

Алматы қ., Қазақстан

²№13 гимназия КММ,

Ақтау қ., Қазақстан

КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ АУТИСТІК СПЕКТР БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ӨЗІН-ӨЗІ РЕТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН АВА-ТЕРАПИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ ДАМУ

Андатпа

Бұл мақалада аутистік спектр бұзылысы бар балалардың эмоционалды өзін-өзі реттеу дағдылары теориялық тұрғыда жан-жақты қарастырылады. Қазіргі ғылыми әдебиеттерді жүйелі талдау аталған санаттағы балаларда эмоцияларды тану, түсіну және басқару қабілеттерінің жеткіліксіз дамуы олардың мінез-құлық тұрақтылығына, оқу әрекетіне қатысуына және әлеуметтік бейімделу деңгейіне тікелей әсер ететінін көрсетеді. Зерттеу аясында эмоционалдық өзін-өзі реттеу үдерісі мен мінез-құлықтың функционалдық табиғаты арасындағы өзара байланыс талданып, мінез-құлықтың негізгі функциялары (назар аударту, талаптан қашу, қалаулы нәтижеге қол жеткізу және сенсорлық қанағаттану) жүйелі түрде сипатталады. Сонымен қатар, қолданбалы мінез-құлықтық талдау (АВА терапиясы) әдісінің теориялық негіздері сараланып, оның құрылымдалған, кезеңдік және функцияға бағытталған сипаты айқындалады. Жүргізілген теориялық талдау АВА тәсілінің жағымды күшейту, жүйелі қайталау және мінез-құлықты функционалдық талдау қағидаттарына негізделе отырып, балалардың эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастыруға, өзін-өзі бақылау дағдыларын дамытуға және әлеуметтік өзара әрекетін жақсартуға мүмкіндік беретінін көрсетеді. Сонымен қатар, бұл тәсіл білім беру процесінде баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тиімді педагогикалық қолдау ұйымдастыруға жағдай жасайды. Осыған байланысты АВА терапиясы АСБ бар балалардың эмоционалдық өзін-өзі реттеуін дамытуда тиімді ғылыми негізделген әдіс ретінде қарастырылады.

Тірек сөздер: аутистік спектр бұзылысы, эмоция, өзін-өзі реттеу, АВА-терапия, кіші мектеп жасы, мінез-құлықты түзету, әлеуметтік бейімделу.

Кіріспе

Қазіргі таңда аутистік спектр бұзылысы (бұдан әрі АСБ) бар балалардың таралу жиілігінің артуы ғылыми және практикалық зерттеудің маңыздылығын күшейтіп отыр. Халықаралық зерттеу нәтижелеріне сәйкес АСБ-ның таралу жиілігі 2019–2025 жж. аралығында едәуір өскенін байқай аламыз. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне сәйкес қазіргі таңда бұл топтағы балалардың саны 62 млн-ға жеткен. Ал Global Burden of Disease (GBD) зерттеулерінде 2021 жылы әлемде шамамен 0–19 жастағы балалар мен жасөспірімдер арасында АСБ бар балалардың саны 22,43 млн болған. Ерте жас кезеңіне (0–4 жас) дейінгі балалар саны 5,78 млн, кіші мектеп жасындағы балалар (5–9 жас) саны 5,86 млн, балалар мен жасөспірімдер (10–14 жас) арасында 17,24 млн бала тіркелген [1]. Жасөспірімдер (15–19 жас) арасында 5,19 млн АСБ бар балалар тіркелген [2]. Бұл өз кезегінде АСБ бар балалармен жұмыс істеуде арнайы әдістерді қолданудың тиімділігі мен оның практикалық маңыздылығын арттырады.

АСБ бұзылысы бұл баланың ерте сәбилік кезеңінен бастау алып, өмір бойына жалғасатын нейробиологиялық бұзылыстың ерекше түрі. Бұл баланың сәбилік кезеңінде анасымен эмоционалды байланыстың болмауынан басталып, онтогенез бойынша жас және жеке ерекшелікке сәйкес дамудың қалыпты жағдайдан ауытқуымен сипатталады. Яғни, бала ерте жас кезеңінде өз жақындамымен эмоционалды байланыс орнатпаса (күлімсіреу, жақындарын тану, реакция білдіру, жылау т.б.) бұл АСБ-ның бірінші сигналдарының бірі болып саналады. Баланың ерте жас кезеңінде даму процесі қалыпты балалардан өзгеше болады. Олар ойын іс-әрекетіне қосылмайды, қоршаған ортадағы адамдармен қарым-қатынас орнатпайды, диалог орнату, бастамашылық білдіру, ішкі сезімдерін сыртқы ортаға жеткізу, өз қажеттіліктерін басқа адамдарға жеткізе алмайды. Бала өзінің қалауын жеткізе алмаған жағдайда эмоционалды тұрғыда күйзеліске ұшырайды. Қоршаған ортамен байланысты үзіп, әлеуметтік ортадан оқшауланып қалады. Уақыт өте кіші мектеп жасында бұл өзгерістер баланың мектеп ортасына интеграциялануына, мектептегі нормалар мен ережелерді үйренуіне, коммуникация жасауына, әлеуметтік өзара әрекеттесуге кедергі келтіреді. Эмоционалды байланыстың жеткіліксіздігі салдарынан бұл топтағы балалар стресс, аутоагрессияға, ашушандыққа бейім келеді. Әсіресе кіші мектеп жасындағы балаларда байқалатын мінез-құлықтық және эмоционалдық ерекшеліктер олардың әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларына, қарым-қатынас ерекшеліктеріне, оқу үдерісіне бейімделуіне және жалпы дамуына тікелей әсер етеді.

АСБ бар балалардың дамуындағы маңызды мәселелердің бірі – эмоционалдық өзін-өзі реттеу дағдыларының жеткіліксіздігі. Олар өз эмоцияларын тануда, оны дұрыс білдіруде және басқаруда қиындықтарға жиі тап болады. Нәтижесінде бұл жағдай агрессия, мазасыздық, әлеуметтік оқшаулану немесе стереотипті мінез-құлықтық күшеюі сияқты жағымсыз көріністерге алып келуі мүмкін. Осыған бацланысты АСБ бар балалардың эмоционалды өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту тек теориялық тұрғыдан емес, сонымен қатар практикалық тұрғыдан да маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Қазіргі ғылыми зерттеулерде АСБ бар балалармен жұмыс істеудің әртүрлі әдітері ұсынылғанымен, олардың ішінде қолданбалы мінез-құлықтық талдау (АВА-терапиясы) ерекше орын алады. Бұл тәсіл баланың мінез-құлқын жүйелі талдау, мақсатты түрде өзгерту және қажетті дағдыларды кезең-кезеңімен қалыптастыруға бағытталған әдіс болып саналады. Сонымен қатар, АВА тәсілі арқылы баланың эмоционалдық реакцияларын реттеуіне, дұрыс мінез-құлық үлгілерін бекітуге және жағымды әрекеттерді күшейтуге мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысы теориялық-аналитикалық тәсілге негізделеді. Зерттеу барысында ғылыми арнайы педагогика мен психология салаларындағы заманауи ғылыми еңбектер кешенді талданып, жүйеленді. Аутистік спектр бұзылысы бар балалардың эмоционалдық өзін-өзі реттеу ерекшеліктерін зерттеген отандық және шетелдік зерттеулерге салыстырмалы талдау жүргізілді.

Аталған талдауларға сәйкес эмоционалдық өзін-өзі реттеу үдерісі көпқырлы психологиялық феномен ретінде қарастырылып, оның құрылымдық компоненттері (эмоцияларды тану,

бағалау және басқару) когнитивті және мінез-құлықтық тұрғыдан интерпретацияланды. Сонымен қатар, аталған дағдыларды қалыптасуына әсер ететін факторлар (сенсорлық ерекшеліктер, әлеуметтік орта, даму деңгейі) ғылыми деректер негізінде сарапталды.

Қолданбалы мінез-құлықтық талдау әдісі мінез-құлықтың функционалдық моделін түсіндіретін, бағалайтын, өлшейтін теориялық негіз ретінде қарастырылды. Осы тұрғыда мінез-құлықтың негізгі функциялары (назар аударту, талаптан қашу, қалаулы нәтижеге қол жеткізу және сенсорлық қанағаттану) жүйеленіп, олардың эмоционалдық өзін-өзі реттеу үдерісімен өзара байланысы айқындалды.

Зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерді талдау, салыстыру, жалпылау және интерпретациялау әдістері қолданылды. Бұл әдістер АСБ бар балалардың эмоционалдық өзін-өзі реттеу дағдыларының қалыптасу ерекшеліктерін анықтауға және АВА тәсілінің тиімділігін теориялық тұрғыда негіздеуге мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен талқылау

Кіші мектеп жасындағы аутистік спектр бұзылы бар балалардың эмоционалды ерік-жігер сферасын дамыту мәселесін зерттеуде қолданбалы мінез-құлық талдауының (АВА) теориялық негіздерін қарастыру маңызды. Б.Ф. Скиннер 1957 ж. оперантты шарттанудың, яғни, вербальды операнттардың негізін қалады.

Қолданбалы мінез-құлық талдауы мінез-құлық принциптерін әлеуметтік дағдыларды дамыту, мінез-құлықты өлшеу және араласу әдістерін эксперимент жүргізу арқылы тексеріп, жеке пән ретінде қалыптасты. О.И. Ловаас АВА терапияның негізін қалаушы ғалым болып саналмайды, дегенмен ол аутизммен ауыратын балаларды оқытуда мінез-құлық әдістерін, соның ішінде дискретті ойындарды, баланың жеке психологиялық ерекшеліктерін, психикалық аспектілерін зерттеп, оны практика жүзінде қолданған алғашқы зерттеуші ғалымдардың бірі болды. Оның 1960-1980 жылдардағы еңбектері әлем арасында тез тарап, мінез-құлық бағдарламаларының қалыптасуына алып келді [3].

АВА-терапиясы мінез-құлықты түзетуге ғана емес, баланың эмоционалдық тұрақтылығын дамытуға да ықпал ететінін негізді әдістердің бірі ретінде қарастырылады. Бұл әдісті ерте жастан бастап қолдану балалардың өз эмоцияларын түсіну, ішкі сезімдерін бақылау және басқару қабілеттерін біртіндеп қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты АСБ бар балалардың эмоционалдық өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту мәселесін қарастыру және оны тиімді әдістер негізінде жүзеге асыру өзекті мәселелердің болып табылады.

Эмоционалды өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту мәселесі кешенді және көпқырлы құбылыс ретінде қарастырылады. Бұл бағыттағы теориялық негіздер кеңестік психология өкілдерінің еңбектерінде көптеп кездеседі. Л.С. Выготскийдің мәдени-тарихи теориясына сәйкес, баланың жоғары психикалық функциялары әлеуметтік өзара әрекет барысында қалыптасатыны көрсетілген [4]. Ғалымның зерттеу жұмысына сәйкес, бастапқыда кезеңде ересектердің көмегімен жүзеге асатын әрбір процесс біртіндеп ішкі, дербес реттеу механизміне айналады. Яғни, бала ересек адамның көмегімен үйренген әрбір дағдыларын уақыт өте әлеуметтік ортада практика жүзінде қолдана бастайды. Бұл әсіресе кіші мектеп жасында айқын көрінеді, себебі осы кезеңде бала әлеуметтік талаптарды саналы түрде қабылдап, орындай бастайды.

А.Р. Лурияның нейропсихологиялық тұжырымдарды эмоцияны реттеудің физиологиялық негіздерін түсіндіруге мүмкіндік береді. Оның пікірінше, мінез-құлық пен эмоцияны басқару мидың күрделі функционалдық жүйелерінің үйлесімді жұмысына байланысты, мұнда фронтальды аймақтарының рөлі ерекше екенін өз зерттеуінде толық көрсеткен [5]. Кіші мектеп жасында АСБ бар балалардың ми құрылымдары әрі толық жетілмегендіктен, балаларда өзін-өзі бақылау мен эмоцияны реттеу дағдылары тұрақсыз болады. Соның салдарынан, балада бір емес бірнеше дағдылар кешеуілдеп пайда болады. Эмоционалды сфераның жетіспеушілігі коммуникация, өзара әрекеттесу, мінез-құлық бұзылыстарына себеп болады. Дегенмен аталған дағдылар мен ерекшеліктер эмоционалды сфераның бұзылысы салдарынан пайда болады деген тұжырым қате болады.

С.Л. Рубинштейн эмоция мен іс-әрекет өзара қосылып, тұлғаның дамуы іс-әрекет барысында жүзеге асатынын көрсетеді [6]. Яғни, бала нақты әрекетке қатысу арқылы эмоцияларын

реттеуді үйренеді, өз қажеттілігін жеткізеді, ішкі сезімдерін сыртқы ортаға білдіреді. Ис-әрекет жүйесі ол мотивация арқылы жүзеге асады. Ал, Д.Б. Элькониннің жас ерекшелікке байланысты зерттеу жұмыстарында бастауыш мектеп жасы баланың ерікті мінез-құлқы мен өзін-өзі реттеу дағдылары қарқынды қалыптасқан кезең ретінде қарастырылған [7]. Бұл кезеңде оқу әрекеті жетекші рөл атқарып, баланың ішкі бақылау механизмдерін дамытуға ықпал етеді. Бала мектеп ортасына бейімделіп, әлеуметтік ортамен өзара әрекеттеседі, нормалар мен ережелерді түсініп, коммуникативтік саласы қарқынды дамиды.

Осы теориялық негіздер қазіргі зерттеулерде АСБ бар балалардың даму ерекшеліктерін түсіндіруде маңызды орын алады. Заманауи ғылыми еңбектерде бұл категориядағы балаларда эмоционалдық өзін-өзі реттеу дағдыларының жеткіліксіз қалыптасуы олардың негізгі қиындықтарының бірі ретінде қарастырылады. АСБ бар балалар эмоцияларды тану, олардың қарқындылығын бағалау және соған сәйкес мінез-құлық реакцияларын таңдау барысында қиындықтарға жиі ұшырайды. Әсіресе кіші мектеп жасында бұл мәселе өзекті бола түседі. Себебі, осы кезеңде бала жаңа әлеуметтік ортаға мектепке бейімделуі қажет, мұнда тәртіп ережелерін сақтау, құрдастарымен қарым-қатынас орнату және оқу талаптарын орындау маңызды рөл атқарады. Эмоционалдық өзін-өзі реттеу дағдылары жеткіліксіз болған жағдайда балада мазасыздықтың жоғарылауы, агрессивті реакциялар немесе керісінше тұйықталу байқалуы мүмкін. Бұл өз кезегінде баланың оқу жетістіктеріне кері әсерін етеді.

Соңғы жылдары халықаралық ғылыми әдебиеттерде аутистік спектр бұзылысы бар балалардың эмоционалдық өзін-өзі реттеу мәселесі өзекті зерттеу бағыттарының біріне айналды. Зерттеушілер бұл феноменді тұлғаның эмоциялық күйін басқаруға бағытталған күрделі психологиялық механизм ретінде қарастырады. Эмоционалдық өзін-өзі реттеудің жеткіліксіз дамуы баланың әлеуметтік бейімделуіне, коммуникативтік дағдыларының қалыптасуына және мінез-құлықтық реакцияларына тікелей ықпал ететіні ғылыми тұрғыдан дәлелденген.

Mazefsky және әріптестерінің (2022) зерттеулерінде эмоционалдық реттеу АСБ бар балалардың дамуындағы маңызды мәселелердің бірі ретінде қарастырылады. Зерттеушілердің пікірінше, эмоцияларды тиімді басқара алмау мінез-құлық тұрақсыздығына, әлеуметтік ортаға бейімделу деңгейінің төмендеуіне және қарым-қатынас жасау барысында түрлі қиындықтардың туындауына әсер етеді [8]. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері эмоционалдық реттеу дағдыларының жеткіліксіздігі мазасыздық деңгейінің жоғарылауымен, ашушандықпен және агрессивті мінез-құлықтың жиі көрінуімен өзара байланысты екенін көрсетеді.

Яғни, эмоционалдық реттеу бұзылыстары тек баланың жеке психологиялық ерекшелігі ретінде ғана емес, оның әлеуметтік қызмет етуіне ықпал ететін кешенді құбылыс ретінде қарастырылады. Себебі эмоцияларды басқарудағы қиындықтар коммуникативтік дағдылардың қалыптасуына, құрдастарымен және ересектермен өзара әрекеттесуіне, сондай-ақ әлеуметтік ортаға бейімделуіне кері әсер етеді.

Бұл зерттеу жұмысында «эмоционалдық дисрегуляция» ұғымына ерекше назар аударылады. Авторлар, бұл феноменді баланың эмоционалдық реакцияларының нақты жағдаятқа сәйкес келмеуімен, өз эмоцияларын түсіну мен бақылаудағы қиындықтармен және жағымсыз эмоционалдық күйлердің ұзақ сақталуымен сипаттайды. Басқаша айтқанда, бала өз сезімдерін реттей алмай, оларды әлеуметтік тұрғыдан қолайлы тәсілдер арқылы білдіруде қиындықтарға тап болады. Мұндай ерекшеліктер АСБ бар балалар арасында жиі кездеседі және олардың мінез-құлқындағы тұрақсыздықтың, әлеуметтік қарым-қатынасындағы қиындықтардың пайда болуына және оқу әрекетіндегі кедергілердің бірі ретінде қарастырылады. Сондықтан эмоционалдық реттеуді дамыту АСБ бар балаларға көрсетілетін психологиялық-педагогикалық көмектің маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Nuske және әріптестерінің (2023) систематикалық шолуында эмоционалдық реттеудің бұзылуы мен проблемалық мінез-құлық арасындағы тығыз байланыс нақты дәлелденген. Авторлар 95 зерттеуді талдау нәтижесінде эмоционалдық реттеу дағдыларын тікелей үйрету, визуалды қолдауды қолдану, оң күшейту және ата-аналарды араласу процесіне белсенді қатыстыру сияқты стратегиялардың жоғары дәлелділік деңгейіне ие екенін анықтаған [9]. Зерттеу нәтижелері бойынша, өз эмоцияларын басқара алмайтын балаларда агрессия, ашуланшақтық, мазасыздық және жағымды мінез-құлық нормаларын игеру қиындықтары жиі кездеседі. Мұндай қиындықтар баланың қоршаған ортаға бейімделуіне, басқа адамдармен қарым-қатынас жасауына және оқу процесіне толыққанды қатысуына кедергі келтіреді.

Эмоцияларды түсіну және реттеу қабілетінің жеткіліксіздігі баланың жалпы дамуына психологиялық тұрғыдан әсер етеді. Эмоцияларын дұрыс басқара алмайтын балаларда әлеуметтік белсенділік сапасы төмендеп, мінез-құлқында тұрақсыздық пайда болады. Бұл көзқарас эмоционалдық дағдылардың жасқа сай дамуы баланың әлеуметтік ортаға бейімделуінде маңызды орын алатынын көрсетеді.

Сонымен қатар зерттеушілер эмоционалдық реттеу дағдылары уақытында дамытылмаса, оның ұзақ мерзімді салдары болуы мүмкін екенін атап өтеді. Атап айтқанда, мінез-құлықтағы қиындықтар тұрақты сипат алып, баланың құрдастарымен қарым-қатынасты қиындауы және әлеуметтік оқшаулану қаупі артуы мүмкін. Сондықтан мамандар эмоционалдық өзін-өзі реттеу дағдыларын ерте жастан бастап дамыту қажет деп есептейді.

АСБ бар балалардың эмоционалдық жағдайына сенсорлық өңдеу ерекшеліктері де айтарлықтай әсер етеді. Schaaf және әріптестерінің зерттеулерінде сенсорлық интеграцияның бұзылуы баланың эмоцияларын басқару қабілетіне ықпал ететіні көрсетілген [10]. Яғни, бала дыбысқа, жарыққа, иіске немесе жанасуға шамадан тыс сезімтал (гиперсезімталдық) болуы мүмкін немесе керісінше, оларға әлсіз жауап (гипосезімталдық) береді. Мұндай жағдайлар баланың мазасыздануына, ашулануына немесе күйзеліске түсуіне себеп болуы мүмкін. Сенсорлы жетіспеушілік пен эмоционалды сфераның бұзылысы стереотипті әрекеттердің пайда болуына алып келеді. Бала сезімдерін жеткізе алмағанда ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қайталамалы әрекеттер жасайды.

Сенсорлық жайсыздықты бастан кешірген балалар өздерін тыныштандыру үшін белгілі бір әрекеттерді қайта-қайта орындауы мүмкін. Мысалы, қолын сермеу, айналу немесе бір затпен ұзақ уақыт ойнау сияқты стереотипті әрекеттер байқалады. Зерттеушілер сенсорлық интеграцияны дамытуға бағытталған арнайы жаттығулар мен терапиялық жұмыстар баланың эмоционалдық тұрақтылығын арттырып, өзін-өзі реттеу дағдыларын жақсартуға көмектесетінін атап өтеді. Сондықтан сенсорлық ерекшеліктері ескері АСБ бар балалармен жүргізілетін психологиялық-педагогикалық және түзете-дамыту жұмыстарының маңызды бағыты болып табылады.

Saunders (2026) зерттеуінде ерте жастан көмек көрсету АСБ бар балалардың эмоционалдық ерік-жігер сферасының дамуына оң ықпал ететінін көрсеткен. Себебі, ерте кезеңде жүргізілетін түзету жұмыстары баланың эмоцияларды түсіну, реттеу қабілеттерін біртіндеп қалыптастыруға ықпал етеді [11]. Яғни, ерте жас кезеңінде бала анасымен эмоционалды байланысты орнату арқылы қоршаған ортадағы ақпараттарды жасқа сай нормада қабылдап үйренеді. Бұл баланың эмоционалдық тұрақтылығын қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

АСБ бар балалардың эмоционалдық өзін-өзі реттеу ерекшеліктерін зерттеу қазірге психологиялық-педагогикалық зерттеулердің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Restoy және әріптестерінің (2024) жылғы зерттеу жұмыстарында АСБ бар балалар мен жасөспірімдерде эмоционалдық реттеу қиындықтары анықталған. Зерттеуге 55 ғылыми жұмыс енгізіліп, АСБ бар балалардың бейімделген эмоционалдық реттеу стратегияларын жиірек, ал бейімделген стратегияларды сирегірек қолданатыны көрсетілген. Сонымен қатар, эмоционалдық дисрегуляцияның АСБ симптомдарының ауырлығымен, ал эмоционалдық реттеу қиындықтары әлеуметтік дағдылардың төмен деңгейімен байланысты екені анықталған [12].

Эмоционалды өзін-өзі реттеу дағдыларының қалыптасуы баланың жалпы дамуының негізгі компоненттерін анықтайтын маңызды көрсеткіш ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, эмоцияларды басқару қабілеті баланың әлеуметтік өзара әрекетке қатысуын, мінез-құлықтың жағымды стимулдарын оң бағытта өзгеруін, оқу процесіндегі жетістігін айқындайтын негізгі факторлардың бірі болып табылады. Зерттеуде балалардың эмоцияларды реттеу қабілеті олардың психикалық жағдайы мен қоршаған ортамен өзара әрекеи ерекшеліктерімен тығыз байланысты екені атап өтіледі.

Аутизм спектрінің бұзылысы (АСБ) бар балалардың психологиялық және әлеуметтік дамуының маңызды бағыттарының бірі – эмоционалдық өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру. Эмоционалдық өзін-өзі реттеу баланың өзінің эмоционалдық жағдайын танып, оның қарқындылығын бақылап, жағымсыз эмоцияларды әлеуметтік тұрғыдан қолайлы тәсілдермен басқару және белгілі бір жағдайға сәйкес мінез-құлық реакциясын тандау қабілетін білдіреді. АСБ бар балаларда бұл үдеріс жиі қиындықпен қалыптасады. Зерттеулер АСБ бар балалар мен жасөспірімдерде эмоционалдық реттеу қиындықтарының нейротиптік құр-

дастарына қарағанда жоғары екенін, сондай-ақ бейімделмеген эмоциялық стратегиялардың жиірек және бейімделген стратегиялардың сирегірек қолданылатынын көрсетеді.

Кіші мектеп жасы эмоционалдық өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту тұрғысынан ерекше маңызды кезең болып табылады. Себебі осы кезеңде бала мектептің әлеуметтік және академиялық талаптарына бейімделеді, ережелерді сақтауды, өз мінез-құлқын бақылауды, мұғаліммен және құрдастарымен өзара әрекеттесуді үйренеді. Сондықтан АСБ бар баланың эмоционалдық реакцияларын басқару қабілетінің жеткіліксіздігі оның оқу әрекетіне, әлеуметтік қатынастарына және жалпы бейімделуіне тікелей әсер етуі мүмкін.

АСБ бар балаларда эмоциялық реакциялар жағдайдың нақты талабына сәйкес келмейтіндей жоғары қарқындылықта көрінуі мүмкін. Күнделікті өмірдегі шағын өзгерістің өзі балада күшті эмоционалдық реакция туғызуы ықтимал. Мысалы, сабақтың аяқталуы, сүйікті ойыншықтың қолжетімсіз болуы, жоспардың өзгеруі немесе белгілі бір әрекетті тоқтату қажеттілігі бала үшін елеулі эмоционалдық стресс болуы мүмкін. Мұндай жағдайда бала: жылауы, айқайлауы, қарсылық көрсетуі, агрессивті немесе өзін-өзі зақымдайтын әрекеттер көрсетуі, тапсырманы орындаудан бас тартуы, әлеуметтік өзара әрекеттен оқшаулануы мүмкін. Сондықтан эмоционалдық өзін-өзі реттеу бағдарламасында баланың жағымсыз реакциясын тек тоқтатуға емес, оның орнына әлеуметтік қолайлы балама мінез-құлық қалыптастыруға бағымдық берілуі қажет.

Эмоционалдық өзін-өзі реттеудің маңызды компоненті – баланың өзінің эмоционалдық күйін басқа адамға түсіндіре алуы. АСБ бар бала: «Мен ашуландым», «Маған бұл ұнамайды», «Маған көмектесіңізші», «Мен тыныш жерде отырғым келеді» сияқты функционалды сөйлемдердің орнына жылау, айқайлау немесе жағымсыз мінез-құлық арқылы реакция көрсетуі мүмкін. Сондықтан АВА-терапиясы негізінде эмоционалдық өзін-өзі реттеуді дамыту кезінде балаға өзінің эмоционалдық жағдайын сөзбен немесе басқа функционалды коммуникация құралдарымен білдіру үйретіледі.

Нейротиптік балалар уақыт өте келе ашу, қорқыныш немесе мазасыздық жағдайында өзін тыныштандырудың әртүрлі тәсілдерін табиғи түрде меңгеруі мүмкін. АСБ бар балаларда мұндай стратегиялар өздігінен қалыптаспай, арнайы оқытуды қажет етуі мүмкін. Бала эмоционалдық кернеу кезінде: терең тыныс алу, тыныш жерге бару, ересек адамнан көмек сұрау, қысқа үзіліс жасау, өзіне таныс тыныштандыру әрекетін қолдану сияқты стратегияларды білмеуі мүмкін. Сондықтан балаға «менің эмоциям күшейген кезде не істей аламын?» деген сұраққа нақты мінез-құлықтық жауаптар қалыптастыру қажет.

АВА-терапиясы эмоцияларды бақыланатын және үйретілетін қадамдарға бөлуге мүмкіндік береді. Зерттеулер көрсеткендей, АВА негізіндегі араласулар арқылы балалар эмоцияларды тануды, олардың қарқындылығын бақылауды және қолайлы күресу стратегияларын (тыныс алу, үзіліс сұрау, сенсорлық құралдарды пайдалану) игере алады [13], [14]. Атап айтқанда, Functional Communication Training (FCT) әдісі проблемалық мінез-құлықты функционалды коммуникациямен алмастыруға көмектеседі, ал Behavioral Skills Training (BST) дағдыларды жүйелі түрде қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, Zones of Regulation сияқты визуалды құралдар АВА бағдарламаларына сәтті енгізіліп, балалардың эмоционалдық күйлерін тану және басқару қабілетін арттыруға ықпал етеді. Кіші мектеп жасындағы балалар үшін мұндай құралдардың маңызы зор, өйткені олар абстрактілі ұғымдарды нақты, көрнекі түрде қабылдауға бейім [14].

Қолданбалы мінез-құлық талдауы (Applied Behavior Analysis – ABA) – мінез-құлықты оның қоршаған ортамен өзара байланысы тұрғысынан зерттеп, әлеуметтік маңызды дағдыларды жүйелі түрде қалыптастыруға бағытталған тәсіл. АВА бойынша зерттеулерде тілдік, әлеуметтік-коммуникациялық, бейімделу және проблемалық мінез-құлық сияқты бірнеше бағыттарда оң өзгерістер байқалған. Эмоционалдық өзін-өзі реттеу тұрғысынан АВА-ның маңыздылығы оның эмоционалдық реакцияларды жеке қарастырудан гөрі, балаға нақты және өлшенетін балама мінез-құлықтарды үйретуге мүмкіндік беруімен байланысты.

АВА тұрғысынан баланың эмоционалдық реакциясын жай ғана «жағымсыз мінез-құлық» деп қарастыру жеткіліксіз. Оның қандай жағдайда пайда болғанын және қандай функция атқаратынын анықтау қажет. Мысалы, бала тапсырма берілген кезде айқайласа, бұл әрекет: қиын тапсырмадан қашу; ересек адамның назарын алу; қалаған затты алу; белгілі бір сенсорлық қажеттілікті қанағаттандыру сияқты функциялардың біріне байланысты болуы мүмкін. Сон-

дықтан алдымен алғышарт – мінез-құлық – салдар (АВС) байланысын талдау маңызды. Бұл баланың эмоционалдық реакциясын тудыратын жағдайларды анықтап, одан кейін мақсатты араласуды жоспарлауға мүмкіндік береді.

АВА-терапиясында эмоционалдық өзін-өзі реттеуді дамыту тек жағымсыз мінез-құлықты азайтуға бағытталмауы керек. Оның орнына балаға сол жағдайда қолдана алатын функционалды балама мінез-құлық үйретіледі. Мысалы: бұрын, тапсырма қиын → бала айқайлайды → тапсырмадан қашады. Оқыту нәтижесінде, тапсырма қиын → бала «көмектесіңізші» дейді → мұғалім көмектеседі. Немесе бұрын, бала ашуланады → зат лақтырады. Оқыту нәтижесінде: бала ашуланады → «үзіліс керек» дейді → қысқа үзіліс алады. Осылайша бала біртіндеп өзінің эмоционалдық жағдайын қолайлы мінез-құлық арқылы басқаруды үйренеді.

АВА-ның маңызды принциптерінің бірі – күшейту. Егер бала эмоционалдық жағдайда әлеуметтік қолайлы әрекетті көрсетсе, сол әрекеттің жағымды салдармен бекітілуі оның болашақта қайталану ықтималдығын арттырады. Мысалы, бала ашуланған кезде айқайлаудың орнына: «Маған үзіліс керек» деп айтса, мұғалім оның сұранысын орындап, қысқа үзіліс беруі мүмкін. Осы арқылы бала: «Мен өз қажеттілігімді қолайлы түрде білдірсем, мені түсінеді» деген функционалды байланыс қалыптастырады. Эмоционалдық реттеу мен проблемалық мінез-құлыққа арналған жүйелі шолуларда күшейту, визуалды қолдау, ата-ананың қатысуы, эмоционалдық реттеу дағдыларын арнайы оқыту және алдын ала ұйымдастырылған мінез-құлықтық стратегиялар жоғары деңгейдегі дәлелдерге ие стратегиялардың қатарына жатқызылған.

Қорыта айтқанда, кіші мектеп жасындағы АСБ бар балалардың эмоционалдық өзін-өзі реттеу дағдылары олардың оқу, әлеуметтік бейімделу және күнделікті өмірдегі дербестігі үшін маңызды болып табылады. Бұл балаларда эмоцияны тану және атау, эмоционалдық реакцияның қарқындылығын басқару, жағымсыз эмоцияны әлеуметтік қолайлы тәсілмен білдіру, өзгерістерге бейімделу және өзін тыныштандыру стратегияларын қолдану қиындықтары кездесуі мүмкін. Ғылыми зерттеулер АСБ бар балаларда эмоционалдық реттеу қиындықтарының жоғары деңгейде болатынын және бұл қиындықтардың әлеуметтік дағдылармен және бейімделу көрсеткіштерімен байланысты екенін көрсетеді.

Осы тұрғыдан алғанда, АВА-терапиясы эмоционалдық өзін-өзі реттеуді мінез-құлықтық тұрғыдан нақты операционализациялауға, оның алғышарттары мен салдарын анықтауға, функционалды балама мінез-құлықтарды қалыптастыруға, қажетті реакцияларды күшейтуге және қалыптасқан дағдыларды табиғи ортада бекітуге мүмкіндік береді. АВА бойынша кең көлемді шолулар оның тілдік, әлеуметтік-коммуникациялық, бейімделу және мінез-құлық нәтижелеріне ықпалын зерттегенімен, эмоционалдық өзін-өзі реттеудің өзі арнайы әрі жеке мақсат ретінде зерттеулерде біркелкі қамтылмайтынын атап өткен жөн.

Зерттеулер АВА негізіндегі араласулардың АСБ бар балалардың эмоционалдық реттеу дағдыларын жақсартуда тиімді екенін растайды. Атап айтқанда, эмоцияларды тану, күресу стратегияларын игеру және проблемалық мінез-құлықты азайту бойынша оң нәтижелер алынған [13, 15].

Қорытынды

Жүргізілген теориялық талдау аутистік спектр бұзылысы бар кіші мектеп жасындағы балалар үшін эмоционалдық өзін-өзі реттеу дағдыларының маңызы жоғары екенін көрсетті. Өз эмоцияларын түсіну, бақылау, дұрыс білдіру қабілетінің жеткілікті деңгейде қалыптаспауы баланың мінез-құлқына, оқу әрекетіне және әлеуметтік ортаға бейімделуіне кері әсер етеді. Эмоционалдық реттеудегі қиындықтар көбіне агрессияның, мазасыздықтың, импульсивті әрекеттердің жіне қарым-қатынас жасаудағы қиындықтардың пайда болуына себеп болады.

Зерттелген ғылыми еңбектер эмоционалдық өзін-өзі реттеу баланың жеке эмоциялық тәжірибесімен ғана емес, оның когнитивтік, сенсорлық ерекшеліктері және қоршаған ортамен өзара әрекеттесуімен тығыз байланысты екенін көрсетті. Сондықтан бұл мәселені кешенді түрде қарастыру маңызды болып табылады.

Талдау нәтижелері баланың мінез құлқының себептерін анықтау және оның қандай қажеттілікті білдіретінін түсіну түзету жұмысының тиімділігін арттыратынын көрсетті. Осы тұрғыдан алғанда, қолданбалы мінез-құлықтық талдау (АВА терапиясы) әдісі АСБ бар

балалардың эмоционалдық өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуда тиімді әдістердің қатарына жатады.

АВА терапиясы арқылы балалар эмоцияларын тануға, өз қажеттіліктерін қолайлы жолмен жеткізуге, қиын жағдайларда өзін бақылауға және әлеуметтік ортада дұрыс әрекет етуге үйренеді. Жағымды күшейту, кезең-кезеңмен оқыту, жетондық жүйе және коммуникативтік дағдыларды дамытуға бағытталған әдістер баланың эмоционалдық тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Эмоционалды өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру АСБ бар балалардың әлеуметтік бейімделуінің, оқу әрекетіне табысты қатысуының, тұлғалық дамуының маңызды шарты болып табылады. Сондықтан бұл бағыттағы психологиялық-педагогикалық жұмыстарды ерте жастан бастап жүйелі түрде ұйымдастыру және одан әрі ғылыми зерттеулер жүргізу ерекше маңызға ие.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Guo J., Chen M., Zhou Y., Wang J., Huang Q., Ding J., Li M. The global burden of autism spectrum disorders in children aged 0–14 years from 1990 to 2021: A population-based study // *Psychiatry Research*. 2026. Vol. 362. Art. 117181. DOI: 10.1016/j.psychres.2026.117181
- 2 Zhu L., Zhang H., Wang L., Yang X. Global and Regional Trends in Autism Burden from 1990 to 2021: A Data Re-Analysis and Prediction from the Global Burden of Disease Study // *Risk Management and Healthcare Policy*. 2025. Vol. 18. P. 2151–2168. DOI: 10.2147/RMHP.S510506
- 3 Carbone V.J., Stater P.A Brief History of Applied Behavior Analysis (ABA) and Verbal Behavior. 2015. Available at: Semantic Scholar (accessed: 08.09.2026)
- 4 Выготский Л.С. Мышление и речь. – Москва: Педагогика, 1982. – 358 с.
- 5 Лурия А.Р. Высшие корковые функции человека. – Санкт-Петербург: Питер, 2008. – 546 с.
- 6 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – Санкт-Петербург: Питер, 2002. – 617 с.
- 7 Эльконин Д.Б. Психология развития. – Москва: Академия, 2001. – 394 с.
- 8 Mazefsky C.A., White S.W., Siegel M. Emotion regulation in autism spectrum disorder // *Journal of the American Academy of Child & Adolescent Psychiatry*. 2022. Vol. 61. No. 4. P. 467–478.
- 9 Nuske H.J., Hedley D., Dissanayake C. Emotion regulation in autism: a systematic review // *Autism Research*. 2023. Vol. 16. No. 2. P. 215–230.
- 10 Schaaf R.C., Dumont R.L., Arbesman M., May-Benson T.A. Efficacy of sensory integration interventions in children with autism spectrum disorders // *American Journal of Occupational Therapy*. 2021. Vol. 75. No. 1. P. 7501205130
- 11 Saunders A. Preliminary evidence for associations between emotion dysregulation and therapy participation in young autistic children // *Frontiers in Psychology*. 2026. Vol. 17. P. 102345.
- 12 Restoy D., Oriol-Escudé M., Alonzo-Castillo T., Magán-Maganto M., Canal-Bedia R., Díez-Villoria E., Gisbert-Gustemps L., Setién-Ramos I., Martínez-Ramírez M., Ramos-Quiroga J.A., Lugo-Marín J. Emotion regulation and emotion dysregulation in children and adolescents with Autism Spectrum Disorder: A meta-analysis of evaluation and intervention studies // *Clinical Psychology Review*. 2024. Vol. 109. Art. 102410. DOI: 10.1016/j.cpr.2024.102410
- 13 Scarpa A., Reyes N.M. Improving emotion regulation with CBT in young children with high functioning autism spectrum disorders: A pilot study // *Behavioural and Cognitive Psychotherapy*. 2011. Vol. 39. No. 4. P. 495–500.
- 14 Kuypers L.M. The Zones of Regulation: A curriculum designed to foster self-regulation and emotional control. Think Social Publishing, 2011. 582 p.
- 15 Flynn K. Examining the effects of a behavioral skills training package on the emotional regulation skills of a child with autism spectrum disorder: Master's thesis. Minnesota State University, Mankato, 2023. 423 p.

REFERENCES

- 1 Guo J., Chen M., Zhou Y., Wang J., Huang Q., Ding J., Li M. (2026) The global burden of autism spectrum disorders in children aged 0–14 years from 1990 to 2021: A population-based study // *Psychiatry Research*. Vol. 362. Art. 117181. DOI: 10.1016/j.psychres.2026.117181 (In English)
- 2 Zhu L., Zhang H., Wang L., Yang X. (2025) Global and Regional Trends in Autism Burden from 1990 to 2021: A Data Re-Analysis and Prediction from the Global Burden of Disease Study // *Risk Management and Healthcare Policy*. Vol. 18. P. 2151–2168. DOI: 10.2147/RMHP.S510506 (In English)

- 3 Carbone V.J., Stater P.A (2015) Brief History of Applied Behavior Analysis (ABA) and Verbal Behavior. Available at: Semantic Scholar (accessed: 08.09.2026) (In English)
- 4 Vygotskij L.C. (1982) Myshlenie i rech'. Moskva: Pedagogika. 358 p. (In Russian)
- 5 Lurija A.R. (2008) Vycshie korkovyje funkcii cheloveka. Sankt-Peterburg: Piter. 546 p. (In Russian)
- 6 Rubinshtejn C.L. (2002) Ocnovy obshhej psichologii. Sankt-Peterburg: Piter. 617 p. (In Russian)
- 7 Jel'konin D.B. (2001) Psichologija razvitija. Moskva: Akademija. 394 p. (In Russian)
- 8 Mazefsky C.A., White S.W., Siegel M. (2022) Emotion regulation in autism spectrum disorder // Journal of the American Academy of Child & Adolescent Psychiatry. Vol. 61. No. 4. P. 467–478. (In English)
- 9 Nuske H.J., Hedley D., Dissanayake C. (2023) Emotion regulation in autism: a systematic review // Autism Research. Vol. 16. No. 2. P. 215–230. (In English)
- 10 Schaaf R.C., Dumont R.L., Arbesman M., May-Benson T.A. (2021) Efficacy of sensory integration interventions in children with autism spectrum disorders // American Journal of Occupational Therapy. Vol. 75. No. 1. P. 7501205130 (In English)
- 11 Saunders A. (2026) Preliminary evidence for associations between emotion dysregulation and therapy participation in young autistic children // Frontiers in Psychology. Vol. 17. P. 102345. (In English)
- 12 Restoy D., Oriol-Escudé M., Alonzo-Castillo T., Magán-Maganto M., Canal-Bedia R., Díez-Villoria E., Gisbert-Gustemps L., Setién-Ramos I., Martínez-Ramírez M., Ramos-Quiroga J.A., Lugo-Marín J. (2024) Emotion regulation and emotion dysregulation in children and adolescents with Autism Spectrum Disorder: A meta-analysis of evaluation and intervention studies // Clinical Psychology Review. Vol. 109. Art. 102410. DOI: 10.1016/j.cpr.2024.102410 (In English)
- 13 Scarpa A., Reyes N.M. (2011) Improving emotion regulation with CBT in young children with high functioning autism spectrum disorders: A pilot study // Behavioural and Cognitive Psychotherapy. Vol. 39. No. 4. P. 495–500. (In English)
- 14 Kuypers L.M. (2011) The Zones of Regulation: A curriculum designed to foster self-regulation and emotional control. Think Social Publishing. 582 p. (In English)
- 15 Flynn K. (2023) Examining the effects of a behavioral skills training package on the emotional regulation skills of a child with autism spectrum disorder: Master's thesis. Minnesota State University, Mankato. 423 p. (In English)

ОМИРБЕК С.Ж.,*¹

к.п.н., ассоциированный профессор.

*e-mail: saltanatomirbek5@gmail.com

ORCID ID: 0000-0001-7764-0717

АБИЕВА Ж.С.,²

педагог-мастер.

e-mail: 760-1972@gmail.com

ORCID ID: 0009-0000-7176-0654

ТУРЫСБЕК К.Н.,¹

специалист.

e-mail: gulaiymturysbek@gmail.com

ORCID ID: 0009-0006-6169-6349

¹Казахский национальный
женский педагогический университет,

г. Алматы, Казахстан

²КГУ «Гимназия № 13»,

г. Актау, Казахстан

РАЗВИТИЕ НАВЫКОВ ЭМОЦИОНАЛЬНОЙ САМОРЕГУЛЯЦИИ У ДЕТЕЙ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА С РАССТРОЙСТВАМИ АУТИСТИЧЕСКОГО СПЕКТРА НА ОСНОВЕ АВА-ТЕРАПИИ

Аннотация

В статье всесторонне рассматривается проблема формирования навыков эмоциональной саморегуляции у детей младшего школьного возраста с расстройствами аутистического спектра (РАС) в теоретическом аспекте. Системный анализ современных научных источников показывает, что недостаточное развитие способности распознавать, понимать и управлять эмоциями у данной категории детей оказывает непосредственное влияние на устойчивость их поведения, вовлеченность в учебную деятельность и уровень социальной адаптации.

В рамках исследования проанализирована взаимосвязь между процессом эмоциональной саморегуляции и функциональной природой поведения, а также систематизированы основные функции поведения (привлечение внимания, избегание требований, получение желаемого результата и сенсорное удовлетворение). Кроме того, рассмотрены теоретические основы метода прикладного анализа поведения (АВА-терапии), выявлены его структурированность, поэтапность и направленность на функции поведения. Проведенный теоретический анализ показал, что подход АВА, основанный на принципах позитивного подкрепления, систематического повторения и эмоциональной устойчивости у детей, ведет к развитию навыков самоконтроля и улучшению социального взаимодействия. Кроме того, данный подход позволяет организовать эффективную педагогическую поддержку с учетом индивидуальных особенностей ребенка в образовательном процессе. В связи с этим АВА-терапия рассматривается как эффективный научно обоснованный метод развития навыков эмоциональной саморегуляции у детей с РАС.

Ключевые слова: расстройства аутистического спектра, эмоции, саморегуляция, АВА-терапия, младший школьный возраст, коррекция, поведение, социальная адаптация.

OMIRBEK S.Zh.,*¹

c.p.s., associate professor.

*e-mail: saltanatomirbek5@gmail.com

ORCID ID: 0000-0001-7764-0717

ABIEVA Zh.S.,²

master teacher.

e-mail: 760-1972@gmail.com

ORCID ID: 0009-0000-7176-0654

TURYSBEK K.N.,¹

specialist.

e-mail: gulaiymturysbek@gmail.com

ORCID ID: 0009-0006-6169-6349

¹Kazakh national women's

teacher training University,

Almaty, Kazakhstan

²Municipal State Institution

"Gymnasium No. 13",

Aktau, Kazakhstan

DEVELOPMENT OF EMOTIONAL SELF-REGULATION SKILLS IN PRIMARY SCHOOL-AGED CHILDREN WITH AUTISM SPECTRUM DISORDER USING ABA-THERAPY

Abstract

The article comprehensively examines the problem of developing emotional self-regulation skills in primary school children with autism spectrum disorder (ASD) from a theoretical perspective. A systematic analysis of contemporary scientific literature indicates that insufficient development of the ability to recognize, understand, and regulate emotions in this group of children has a direct impact on behavioral stability, engagement in learning activities, and the level of social adaptation. Within the framework of the study, the relationship between emotional self-regulation and the functional nature of behavior is analyzed, and the functions of behavior (attention-seeking, escape from demands, access to desired outcomes, and sensory satisfaction) are systematically described. In addition, the theoretical foundations of Applied Behavior Analysis (ABA therapy) are examined, highlighting its structured, step-by-step, and function-oriented approach. The conducted theoretical analysis demonstrates that the ABA approach, based on the principles of positive reinforcement, systematic repetition, and functional behavior analysis, contributes to the development of emotional stability in children, enhances self-control skills, and improves social interaction. Furthermore, this approach enables the organization of effective pedagogical support tailored to the child within the educational process. Therefore, ABA therapy is considered an effective and scientifically grounded method for developing emotional self-regulation skills in children with ASD.

Keywords: autism spectrum disorder, emotions, self-regulation, ABA therapy, primary school age, behavior, correction, social adaptation, psychological support.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 08.06.2026